**2015 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығың дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 05 наурыздағы № 864 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 сәуірде № 4934 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2014 жылғы 19 карашадағы №3-1/600 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылатын жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың және қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 пайызға дейін өтеу және ірі, шырынды, құрама жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандатуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес өлшемдер мен талаптар;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі* *Қ. Көшербаев*

*КЕЛІСІЛДІ*

*Қазақстан Республикасының*

*Ауыл шаруашылығы министрі*

*_____________ А. Мамытбеков*

*2015 жылғы "5" наурыз*

Қызылорда облысы әкімдігінің

2015 жылғы " 5 " наурыздағы №864

қаулысына
1-қосымша

## Жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылатын жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың және қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 пайызға дейін өтеу және ірі, шырынды, құрама жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандатуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыру шығынын 100 пайызға дейін өтеу | бас | 4000 |
| 2 | Ірі, шырынды, құрама жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату | | |
| | ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы | бас | 32661 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы, 1-деңгей | бас | 330786 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара қашары, 1-деңгей | бас | 251692 |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы | бас | 67970 |
| | қойлар | бас | 2308,6 |
| | жылқылар | бас | 9530 |
| | түйелер | бас | 5855 |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы 5 наурыздағы
№ 864 қаулысына 2- қосымша

## Өлшемдер мен талаптар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 26.10.2015 № 205 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

| №№ | Субсидиялау бағыты | Өлшемдер мен талаптар |
|---|---|---|
| 1 | Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыру шығынын 100 пайызға дейін өтеу | |
| | | меншік немесе ұзақ мерзімді (бес жылдан кем емес) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуі |
| | | штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті |
| 22 | Ірі, шырынды, құрама жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиырлар мен қашарлардың аналығы (2 жастан ересек) 50 бастан кем емес; ірі қара малды күтіп-бағуға арналған қоралар, науалар, сумен жабдықтау, жем-шөп дайындау техникасы, мал үшін жіктегіш және таразы құрылғысының болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық-сараптама жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы, 1-деңгей | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиырлар мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 400 бастан, орташа жылдық сауын сиыр 350 бастан, бір сиырдан орташа сауылым 4500 килограмнан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық-сараптама жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары, 1-деңгей | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиырлар мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 400 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық-сараптама жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиырлар мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 50-ден 400 басқа дейін, бір сиырдан орташа жылдық сауылым 2500 килограмнан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық-сараптама жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | қойлар | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі қойдың аналық мал басы 300-ден кем емес; қойды күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық-сараптама жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | жылқылар | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі жылқының аналығы 75 бастан кем емес ; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | түйелер | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі түйенің аналығы 75 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы 5 наурыздағы
№ 864 қаулысына 3- қосымша

## Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 26.10.2015 № 205 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

| Бағдарлама атауы | Субсидиялау бағыттары | | Субсидия нормативі, теңге | Субсидия көлемі | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бас, тонна | мың теңге |
| Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау | Ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басына селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | | 20000 | 800 | 16000 |
| | Сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басына селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | | 20000 | 1500 | 30000 |
| | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басына селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | | 18000 | 30000 | 540000 |
| | Импортталған ет бағытындағы селекциялық ірі қара мал | | 118000 | 250 | 29500 |
| | Отандық ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу | | 154000 | 500 | 77000 |
| | Отандық сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу | | 154000 | 200 | 30800 |
| | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық мал басына селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу | | 1500 | 80000 | 120000 |
| | Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу | | 8000 | 10000 | 80000 |
| | Асыл тұқымды жылқы сатып алу | | 40000 | 600 | 24000 |
| | Асыл тұқымды түйе сатып алу | | 37000 | 110 | 4070 |
| | Жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған, жалпы табында өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті және қос бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу | | 104000 | 20 | 2080 |
| | Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 пайызға дейін өтеуге | | 4000 | 8000 | 32000 |
| Жиыны | | | | | 985450 |
| | Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату, 3-деңгей | | 100 | 1297,6 | 129760 |
| | Қой еті өндірісінің құнын арзандату | 1-деңгей | 200 | 130 | 26000 |
| | | 2-деңгей | 100 | 90 | 9000 |
| | Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату | | 92 | 107 | 9844 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау | Түйе еті өндірісінің құнын арзандату | | 90 | 83 | 7470 |
| | Сүт өндірісінің құнын арзандату | 1-деңгей | 25 | 6099 | 152475 |
| | | 3-деңгей | 10 | 100 | 1000 |
| | 1-деңгейлі сүт өндірісінің құнын арзандату, субсидиялау нормативін 50%-ға дейін көбейту есебімен | | 12 | 3159 | 37908 |
| | 3-деңгейлі сүт өндірісінің құнын арзандату, субсидиялау нормативін 50%-ға дейін көбейту есебімен | | 5 | 100 | 500 |
| | Қымыз өндірісінің құнын арзандату | | 60 | 15 | 900 |
| | Шұбат өндірісінің құнын арзандату | | 55 | 46 | 2530 |
| | Ірі, шырынды, құрама жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату | | | | |
| | Ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы | | 32661 | 8854 | 289180 |
| | Сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы, 1 -деңгей | | 330786 | 943 | 311931 |
| | Сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары, 1-деңгей | | 251692 | 512 | 128866 |
| | Сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы | | 67970 | 420 | 28547 |
| | Қойлар | | 2308,6 | 49938 | 115287 |
| | Жылқылар | | 9530 | 4065 | 38739 |
| | Түйелер | | 5855 | 2076 | 12155 |
| Жиыны | | | | | 1302092 |
| Облыс бойынша | | | | | 2287542 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК